

Кенесарының сауыты

Кәрі тарих не үшін зерттеледі, зерделенеді? Не үшін том-том еңбектер жазылады? Оны өскелең ұрпаққа оқытудағы мақсат не?

Бұл сауалдарға жауап дайын. Өйткені өткенді білмей, болашақты болжау қиын екенін екінің бірі білуге тиіс. Тарих өткеннен сабақ алу үшін зерттеледі. Бір шоқты екі-үш мәрте баспас үшін жазылады. Ата-бабаларымыз жіберген қателіктерді бүгінгі ұрпақ қайталамас үшін оқытылады.

Тарихты зерттеп-зерделеуде кең сахараны жайлаған ата-бабаларымызға қатысты рухани һәм материалдық мұралардың (заттар, қолжазбалар, түрлі дәрежедегі құжаттар, тарихи шығармалар) атқарар қызметі, алатын орны ерекше. Сондықтан ондай құндылықтарды іздестіріп-табу өз алдына, олардың тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетпеуіне әркім-ақ мүдделі болуға тиісті. Сондықтан біздің бүгінгі сөз етпегіміз - рухани һәм материалдық жәдігерліктердің сақталу жайы. Бір қарағанда, бұл бағытта біраз істердің басы қайрылған сияқты көрінуі мүмкін, бірақ көңіл көншітерілік дәрежеде емес. Ата-бабалардың көзінде осынау мұраларды іздестіріп-табу былай тұрсын, қазіргі таңда өтпелі кезеңнің қиыншылықтарын желеу етіп, қолда бар жәдігерлерді талан-тараж етіп, әкесінің жеке меншік мүлкіндей саудаға салып, пайда тауып, шекесі шылқып жүргендерді естіп-білгенде еріксіз жағаңызды ұстайсыз. Олардың алды шетелге қашып та үлгерді. Судағы балық сияқты, құйрығын да ұстатар емес...

Біз бұндай қазына-байлықтың бағасын әлі сезіне алмай жүрген сияқтымыз. Сезіне алмағандықтан бағалай алмауымыз да мүмкін. Бағалай алмағандықтан құнына жете бермеуіміз де ғажап емес.

Міне, осы мәселелер төңірегінде ой бөлісу үшін жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбекке жолығып, әңгімеге тартқан едік:

– Мәдениет дегеніміз темір жәшікке салынып қойылған қазына емес. Этностың жады арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Теледидар хабарлары, компьютер дискеттері, ұнтаспалар, мүсін мен бейнелеу өнері түрінде болуы мүмкін. Бір өкініштісі, осы қарапайым ақиқатқа тиісті мемлекеттік мекемелер немесе жеке адамдардың қам-қарекеті деңгейінде мән берілмей отыр.

Біз шетелдік қалталылар үшін экзотикалық мемлекетке айналу дамыз. Олар елдегі әлеуметтік қиыншылықтар салдарынан қиналып отырғанымызды тамашалауға келетін сияқты. Осынау өліара шақты сәтті пайдаланып, асылдарымызды тонап, сұлуларымызды құшып, елді одан сайын естен тандыра түсуде.

Мен осыдан төрт-бес ай бұрын Алматыдағы Шевченко мен Фурманов көшелерінің қиылысындағы Өнер дүкеніне барғанымда, суретші Барановтың

түпнұсқа суреттерінің шетелдіктерге сатылып жатқанының куәсі болдым. Қазақ жастарына арнап салған суреттері біздің бала қиялымызды шарықтататын. Атақты Қобыландының, Ер Тарғынның, Алпамыстың ұрпақтары екендігімізді еске салып, мақтаныш сезімімізді оятатын осынау ғажайып өнер туындыларының шетелдіктердің қолында кетіп бара жатқанын көргенде, өз өмірімдегі ең бір қимас дүниемнен айырылғандай күй кештім. Осындай рухани қазыналарымыздың шетжұрттықтарға жем болуы, түптеп келгенде, ұлттың рухани дәулетінің ортаюы деп айтар едім. Орайы келгенде айта кетейік, көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналған атақты батырымыз Бауыржан Момышұлына қатысты заттар қайда, Жәнібек Кәрменовтің даусы неге тірі кезінде таспаға жазылмаған, атақты Рысбай Ғабдиевтің күйлері ше, Күләштің төрт-ақ әні таспаға түсіпті. Бұның бәрі осынау құндылықтарды мемлекеттік қазына ретінде сезінбегендіктен.

– Ақселеу аға, сіздің қолыңызда Құнанбай қажының шақшасы бар деп естідік. Сіз оны Иманғали Тасмағамбетовке (Премьер-министрдің орынбасары болып тұрған кезінде) сыйға тартыпсыз. Осы шындық па, жоқ, әлде қаңқу сөз бе?..

– Біздің республикада коллекционер ретінде ресми түрде Әділет министрлігінен тіркеуден өткен бір-ақ адам бар. Ол – Иманғали Тасмағамбетов. Осыдан бірнеше жыл бұрын ЮНЕСКО-ның бас хатшысы Федерико Майордың шақыртуымен Францияға барып, өзі жеке жинаған құнды заттардан көрме ұйымдастырды. Оның басым көпшілігі - адай-түрікмендердің мүлкі.

Менің қолымдағы Құнанбайдың шақшасын сол көрмеге қоюға сұратып алды да, кейіннен өзіме әкеліп берді. Қазір өзімде. Үйге барып көрулеріңе болады.

– Сіз оның Құнанбай қажының шақшасы екенін қайдан білдіңіз, айғақтайтын құжаттар бар ма, қолыңызға қайдан түсті?

– Қарқаралы уезінде екі-ақ адам мырза атанған. Оның біріншісі – Құнанбай да, екіншісі – Тұрсын деген. Міне, мен ол шақшаны осы Тұрсын мырзаның ұрпақтарынан алдым.

– Оны мемлекеттік мұражайларға өткізу ойыңызда жоқ па?

– Оған Құдайдың да, заңның да билігі жүрмейді. Ешкім де мәжбүрлеп ала алмайды. Тіпті, оны айтасыз, менің қолымда түркі қағанының мөрі бар. Онда «Таңдан да жұбан» деген сөз бар. Бұлар - менің жеке мүліктерім. Ешкімнің қол салуға хақысы жоқ! - Ақселеу аға ешқандай бұлтаққа салған жоқ, турасын айтты. Сөзінің аяғын бізге жекірумен аяқтады. - Сен бала қайдан білесің, мен мүмкін сондай заттардың ортасында өмір сүруді қалайтын шығармын!..

Ойландыратын-ақ сөз.

Әрине, ондай құнды заттарды жеке адамдардың қолынан ешкім де күшпен ала алмайды. Ақселеу ағамыз айтпақшы, оған «Құдайдың да, мемлекеттің де әмірі жүрмейді». Тек ақшаға сатып алуға ғана болады. Қазіргі таңда оған ешқандай мүмкіншілік болмай отыр. Дегенмен, біздің ойымызша, жеке адамдардың қолында болғаннан гөрі, мұражайлардағы экспонаттар қорын молайтып тұрса әлдеқайда пайдалырақ болар еді. Мұражайларға келіп-кетушілер көреді, тамашалайды. Біреу болмаса біреу әсерленеді, біреуге ой салады, біреудің қиялын тербейді. Біреудің шығармасына арқау болады, біреудің зерттеуіне пайдасы тиеді дегендей...

Жеке адамдардың үйлеріндегі бағалы мүліктер күндердің бір күнінде жоғалып қалуы мүмкін немесе ұрпақтары ондай жәдігерліктердің бағасын білмей, «Бұлардың бізге не керегі бар?..» деп күресінге лақтырып жіберуі де ғажап емес. Күлмеңіздер! Ашуланбаңыздар! Өмірде бәрі болады. Көріп те жүрміз. Сонан кейін айтамыз да... Сондықтан ондай құнды дүние-мүліктерді мемлекеттік тізімге алып, мұражайларда сақтаған дұрыс-ау! Бірақ... иә, бірақ бұл тарапта да «әттеген-айлар» жетіп артылады. Қандай дейсіз ғой?.. Мемлекеттік тізімге алынып, мұражайларға өткізілген көне дүниелер де ұшты-күйлі жоғалып кетеді екен. Кім ойлаған?! Өмірде бұндай да қарама-қайшылықтар бола береді екен. Біреу ата-бабасынан қалған құнды мұраны жоғалып кетпесін деп мемлекеттік мұражайларға өткізеді, ал ол зат біраз уақыт өткеннен кейін жоғалып кетеді. Не деген сұмдық?! Сонда бұған кім жауап береді? Мұражай басшылары мен қызметкерлерінен неге жауапкершілік талап етілмейді? Тіпті шара қолданып, жазаға тарту да артық етпейді. Өйткені олар осы үшін айлық алып, күндерін көріп жүр ғой. Жанұяларын асырап дегендей... Осындай ойлармен келіп, Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұражайдың директоры Нұрсан Әлімбаевтың қызмет кабинетке бас сұқтық.

– Құдайға шүкір, мұражайымызда тарихи һәм ғылыми жағынан болсын аса бағалы саналатын екі жүз төрт мың экспонат бар, – деп бастады сөзін Нұрсан мырза біздің нендей шаруамен келгенімізді білген соң. – Менің бұл қызметке тағайындалғанымға сегіз-ақ ай болды. Сондықтан мұражайдағы мүліктерді түгендеу мақсатымен арнайы комиссия құрдық. Қазір қызу жұмыс істеп жатыр. Сол себепті бұл бағытта қазір ештеңе айта алмаймын. Комиссия жұмысын аяқтасын. Содан кейін бәрін айтуға болады.

– Комиссия шығарған қорытындыны газетке жариялауға бересіз ғой. Онда жоғалған заттардың толық тізімі берілетін шығар.

– Әлбетте!

– Ресми емес дерек көздерінің мәліметіне қарағанда, осы Орталық мұражайдың өзінен екі жүзге тарта құнды заттар жоғалып кетіпті. Осы шындық па?

– Оны кім айтты?

– Білдік қой.

– Бос сөз. Оны дәлелдеу керек.

– Бірдеңе білмесек айтпаймыз ғой. «Жел соқпасы шөптің басы кимылдамайтынын» өзіңіз де білесіз. Бос сөз болса, кезінде осы мұражайға өткізілген Кенесары ханның сауыты қайда? Көрсетіңізші маған!

– Ол рас. Кенесарының сауыты осында болған екен. Елуінші, алпысыншы жылдары списать етіп жіберіпті... Інішек, біз сізбен бес-ақ минут әңгімелесуге келісіп едік қой. Сіз менің жарты сағат уақытымды алдыңыз. Қазір бір жерге баруым керек еді...

– Мен де болдым. Басқа сұрағым жоқ!

...Сонда қалай, мұражайда тұрған екі жүзге тарта мүліктің барлығы есептен шығарылған ба?! Жоқ, ол мүмкін емес. Осы жерде бір былықшылықтың басы қылтиятын сияқты.

Біреу, екеу, болмаса он, жиырма емес, екі жүз мүліктің жоғалуы немесе есептен шығарылуы көңілге қонымды жәйт пе?! Жоқ, көңілге біртүрлі күдік ұялатады... Өйткені, мұражайда тұрған екі жүз экспонат түгіл, бір-екеуі жоғалса мемлекеттік дәрежеде әңгіме болуға тиіс. Қадағалап-бақылап отыратын тиісті мемлекеттік органдар шара қолданып, тергеп-тексеріп, мәселенің анық-қанығына жетіп, айыпты адамдар жазаға тартылуы қажет. Әйтпесе, бұндай келеңсіз жайттар қайталана береді. Тіпті үйреншікті әдетке айналуы мүмкін. Бір мұражайдан, басқа емес, Орталық мемлекеттік мұражайдан екі жүз зат жоғалса, үйреншікті әдет демей, не деуге болады?! Кейін анықтап білдік, Орталық мемлекеттік мұражайдан екі жүз емес, екі мың құнды зат-бұйымдар жоғалып кетіпті.

Бұл тек республикамыздың бас мұражайындағы ғана оқиға. Ал еліміздің үлкенді-кішілі басқа мұражайларындағы кейбір келеңсіздіктерді айтуға ауыз бармайды. Мұражай қызметкерлерінің өздері ұрлап, әлдекімдерге сатқызатын көрінеді. Міне, керек болса! Оңтүстік Қазақстандағы Отырар мұражайынан алтын теңгелердің жоғалуы, олардың қара базарларда сатылуы көп жайдан хабар берсе керек. Мұндай келеңсіз жайттарды республикамыздың кез келген мұражайынан кездестіруге болады. Қолды болған тек алтын теңгелер ғана ма?! Жоқ, тым көп. Көп-ақ. Тізе берсең тізбектеліп, айта берсең тіл тиегі ағытылып жүре берері сөзсіз.

Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын асыл мұралардың бірі – жазба жәдігерліктер: қолжазбалар, газет-журналдар, сан салалы кітаптар, тағысын тағылар. Осылардың сақталу жайы қалай? Көңіл көншітерлік дәрежеде ме, жоқ, әлде күмілжітер жайттар бар ма?

Осы сауалдарға жауап іздеп, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына ат басын бұрдық. Кітапхана директоры Р. Бердіғалиеваның

алдында отырмыз.

– Роза Аманғалиқызы, мен сіздердің кітапханаларыңыздың тұрақты оқырманымын. Жиі келемін. Кейде кейбір құнды кітаптарға тапсырыс берсең, жоғалған немесе сау-тамтығы қалмай жыртылған болып шығады. Кейінгі кездері бұндай келеңсіз жайттар жиі қайталана бастады. Бұған кім кінәлі деп ойлайсыз? Оқырман ба әлде кітапхана қызметкерлері ме?

– Әрине, оқырман кінәлі, – деп шаптығып шыға келді біздің сауалымызды жақтырмаған директор. – Неге десеңіз, қазір кітапханада қызметкерлер жетіспейді. Қаржы тапшылығына байланысты 118 адам қысқартылды. Бұрын үш адам істейтін жерде қазір бір-ақ адам қызмет атқарады.

– Бұл келеңсіздіктердің жолын кесіп, бір ізге түсіруге бола ма?

– Елдің мәдениетін, оқырманның санасын көтеру керек. Талай басбұзарлардың оқырман билетін тартып алып, кітапханаға кіру құқығынан айырдық. Біздің хатымыз бойынша кітап жыртқан немесе ұрлық үстінде ұсталған талай студент оқудан шығарылды.

– Жыртылған, жоғалған, ұрланған кітаптар тізімделіп отыра ма?

– Міндетті түрде.

– Олардың нақты санын айта аласыз ба?

– Жоқ, айта алмаймын, – деді дауысын көтеріп. – Мен директормын! Бұндай мәселемен айналыспаймын. Бұл шараумен айналысатын арнайы қызметкерлер бар. Солар біледі, солар айтады. Сіз неге маған келесіз? – деді түсін суытып, көзін бажырайтып. – Соларға барыңыз! – Нені бүлдіргенімді білмеймін, өңі сұрланып, түтігіп кетті. Шынымды айтсам, қорқып кеттім.

– Бұл мекеменің бас иесі сіз емессіз бе, салып ұрып бірден сізге келетініміз сондықтан...

Осы кезде директордың кабинетіне жасы қырықтар шамасындағы әйел адам келіп кірді. Оны көрген директор тіпті өршеленіп кетті. Енді даусын көтере айғайға баса бастады:

– Аты-жөнің кім өзі?

–Думан Рамазан.

Директор ханым «Мен саған көрсетермін әлі» дегендей, алдындағы қағазға менің аты-жөнімді бадырайтып жазып алды. Қолы дір-дір етеді.

– Сізге керек тізімді мен айтып берейін, жүріңіз, – деді кабинетке кірген бейтаныс әйел. Директор екеуміздің ортақ тіл табыса алмай отырғанымызды байқаған болу керек. Қуанып кеттім.

Еппен басып соңынан ілестім. Өз кабинетіне ертіп келіп, нендей шаруамен жүргенімді жайлап сұрай бастады. Өзін кітапхананың ғылыми ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Карима Қоштаева деп таныстырды.

– Мен бір-ақ нәрсені білгім келеді. Ол - осы кітапханадан жоғалған

кітаптардың саны. Және олардың жоғалу себептері қандай?

– Біз биылғы жылға дейін кейбір адамдарға үйлеріне апарып оқуына кітаптар беріп келдік. Олар – үкімет адамдары мен ғылыми қызметкерлер. Кейде алған кітаптарын қайтармайтындар болады. Көшіп кетеді, дүние салады дегендей. Соңғы он жылда үкімет адамдарына берілген 55 кітап, ғылыми қызметкерлерге берілген 225 кітап, облыстық кітапханалар сұратып алдырған 61 кітап қайтқан жоқ. Содан кейін кітаптар тозады, беттері жырым-жырым болып, оқылуы мүмкін болмай қалады. Немесе тақырыптық жағынан ескіреді. Мәселен, Коммунистік партия туралы еңбектер, партияның съездері мен пленумдардың шешімдері. Тағысын-тағылар. Бұндай кітаптарды жыл сайын списать етіп отырамыз. Мысалы, былтырдың өзінде ғана осындай 13 мың 141 кітап-журнал есептен шығарылған. Оның 2 мың 785-і - кітап, 9 мың 229-ы - газет-журналдар. Жалпы біздің қорда 5 миллион 433 мың кітап, газет-журнал бар.

Кітапхана директорының сонша шаптыққанын енді түсінгендеймін. Бір шикілігі шығып қала ма деп сасқан болу керек. Әйтпесе, қараптан-қарап отырып неге сонша шүйлігеді? Не жазығымыз бар?..

Бір жылда бас кітапханадан 14 мың кітап пен газет-журналды есептен шығаратындай не көрініпті?! Кітапхана қызметкерлеріне ондай құқықты кім берген? Бұл жерде бір шикілік бар-ау! Біздің ойымызша, кітапхана қызметкерлері жыртылған, жоғалған, ұрланған (сатылуы да мүмкін-ау) кітаптардың орнын ың-шыңсыз толтырудың әдісін жақсы тапқан сияқты. Жыртылды-жоғалды, ұрланды-жырланды дегеннен гөрі, ескірді-тозды, пайдалануға жарамай қалды, содан кейін есептен шығарылды деу құлаққа жағымдырақ қой. Сонда әрі «Құда да тыныш, құдағи да тыныш!» Құдіреті күшті мемлекеттік органдардан арнайы комиссия құрылып, мұқият тексерілсе, былық-шылықтардың беті ашылар ма еді, кім білсін! Сенгің-ақ келеді, бірақ...

Ал директор болса, өзінің қарақан басын арашалап алу үшін оның бәрін оқырманға жабады, қысқартудан көреді. Әрине, біз оқырманды ақтайық, қысқартуды жақтайық деп отырғанымыз жоқ. Дегенмен, осы келеңсіздіктерге ең басты кінәлі кім? Қалай шамданса, олай шамдансын, жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмай отырған кітапхана басшысы кінәлі. Егер мұндай мәселелерге жауап бермесе, кемшіліктерді болдырмауға тырыспаса, кітапханаға түскен әр кітаптың кейінгі тағдырына алаңдаушылық білдірмесе, үнемі қадағалап отырмаса, қатаң тәртіп орнатпаса, жыртылған немесе жоғалған кітапқа жауап беретін қызметкерге шара қолданбаса, өз жауапкершілігін сезінбей, түрлі сылтауларға жүгінсе, газет-журнал оқымаса, журналистерге дұрыс жауап бергісі келмесе, кітапхананың директоры болып әсем жиһаздармен жабдықталған кең кабинетте, қымбат креслода шалқайып

отырудың қажеті қанша?!

Міне, халайық, біздің ата-бабадан қалған асыл мұраларға қандай көзқараспен қарайтындығымыз осы жайттардан-ақ анық аңғарылмай ма?! Салғыртпыз. Салақпыз. Не нәрсеге болсын енжар қараймыз. Намыссызбыз. Жігерсізбіз. Көз алдымызда асылдарымыз тоналып, ту-талапайға түсіп жатса да, салбыраған басымызды бір көтермейміз-ау! Әкем-ау, қыл аяғы судың да сұрауы бар емес пе?!

Бұл қасиетіңнен айналайын осындай кең-байтақ жерді аманат етіп қалдырған ата-бабаңның дүние-мүлкі ғой. Тіпті бүгінгі заманның қайраткерлері тудырған еңбектер шып-шырғасы шығарылмай, ертеңге жетіп, келешек ұрпаққа қызмет етуі тиіс емес пе?

Ата-бабадан қалған бұндай құнды заттар жеке адамның меншігі болмауы керек. Олар – мемлекеттің қазынасы, байлығы. Ендеше, ондай жәдігерлердің барлығы мұқият тізімге алынып, мемлекеттік тұрғыдан қамқорлық жасалып, аса қырағылықпен қорғалып, көздің қарашығындай сақталуы тиіс. Сонда ғана өсеміз, өркендейміз!

Кең-байтақ қазақ даласын бізге дейін де ата-бабаларымыз мекендеген, бізден кейін де өмірдің тоқтап қалмасы анық. Тым болмаса осынау қарапайым қағиданы ұмытпағанымыз жөн шығар!

«Ата-бабасының дүние-мүлкін жоқтайтын ұрпағы бар екен» десін де былайғы жұрт.

Думан Рамазан, жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері